

## **ТІКЕЛЕЙ СЕБУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ТОПЫРАҚ ЭРОЗИЯСЫМЕН КҮРЕСҮ ШАРАЛАРЫ**

**Қ. Оқас**, магистрант

Ғылыми жетекші: **А. Ш. Давлетьяров**, техникалық ғылымдарының кандидаты

Жәнгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

*Мақалада топырақты ерозиядан сактап өндеду мәселелері көтеріліп, дақылдарды топырақты дайындау операцияларын шектеп тікелей себу үрдісі қаралған. Атаптап операцияны орындағытын техникалық шешімдер мен құрылымдарға қысқаша шолу жасалып екі ине тісті дискілерден тұратын жұмыс мүшесі бар себу секциясы ұсынылған, оның бірқатар артықшылықтары көлтірілген.*

*В статье рассматриваются вопросы противоэрозионной обработки почвы. Делается краткий обзор технических решений и конструкций для осуществления прямого посева и предлагается посевная секция включающая рабочий орган в виде сдвоенных игольчатых дисков, обладающих рядом преимуществ.*

*The questions of erosion-preventive processing of soil, particularly carrying of sowing operations of stubble with minimum soil preparation are considered in the article. Brief review of technical decisions and constructions for realization of direct sow is made and sowing section including working device in the form of double wheel spiders, having some advantages, is offered.*

Топырақ еrozиясының алдын алу шараларының кешеніне жел еrozиясының табиғаты мен өндеду кезінде топырақтың үшіп үрілуінің жолын алатын әдістері ғылыми ұстанымдарға негізделген тәсілдер кіреді. [1, 2]

Негізгі шараның бірі жер қорын үйімдастырып өндеду операцияларын желдің басым бағытына перпендикулярлы бағытта жүргізу. Бұл әдіс бойынша ерозияға тәзімділігі әртүрлі өсімдіктерді кезектестіріп егу, қар тоқтату, көктемгі ылғалды жабу шаралары орындалады.

Осы күнгі ауыл шаруашылық өндірісінде топырақты еrozиядан корғау бүкіл әлемдік жер өндеде ең маңызды мәселелердің бірі болып тек бір елге қатысты емес, бұл шиеленістің көптеген салалары бір ел шегінен тыс шығады. Табиғаттың тұтастығын сактау үшін бұл бағытты бүкіл континент болып жабылып, біріккен, топырақты еrozиядан сактандыру бағдарламасын жүзеге асыру қажет. Жел еrozиясының әкелетін зияны, оның тек қана ауылшаруашылық өнімін төмендету емес, ең бастысы топырақтың құрамын бұзып құнарлылығын азайту болып табылады.


Сондықтан қолданыстағы техникалық шешімдерді жетілдіре түсіп, жел еrozиясы болған жағдайда топыраққа тұқымды себу технологиялық операциясын жетілдіріп өндеде жана жұмыс мүшесін жобалау бүгінгі күннің маңызды талабы.

Еrozияға карсы машиналарды қолдану аумақтарының көнегейуіне байланысты, қуанышылық жағдайында жер өндедеудің қарқынын жоғарлатуға байланысты топырақты сактап жерді өндеду жүйесінің талаптарына толық лайықты себу машиналарын дайындау қажеттілігі туындағанды. Олардың маңызды жұмыс мүшесі – кешенді сініргіштерді дайындағанда негізгі мақсат – тарту кедергісін төмендету үшін жұмыс мүшесіне өсімдік қалдықтарының кептелуін және топырақтың жабысуын жою. Ол үшін кешенді сініргіштер диск тәрізді пышақ және дән құбырымен жабдықталады. Диск

тәрізді пышактың сырт пішіні әртүрлі болуы мүмкін; жазық гофранған, немесе тіспен аяқталатын диск түрінде. Диск біреу немесе екеу болуы мүмкін.

Қойылған мақсатты шешу үшін культиватор табанымен бірге тікелей себу сепкішіне ине тісті диск қолдану үйғарылған. Ине тісті диск БИГ – ЗА тырмасында қолданғанда топырақ бетінде өсімдік қалдықтарының 75...80 % қалдырып сапалы қосытууды жүргізуге болады. Бұл жағдай тікелей себуге қойылатын агротехникалық талаптарға толық сәйкес келеді. Тікелей себу сепкішінің сініргішін ине тісті дискімен біркітіру жалғыз технологиялық операцияны (тырмамен өңдеу, анызды сыдыра жырту) орындамай бірден бірнеше операцияларды агрегаттың бір өтгі кезінде жүргізуге мүмкіндік туғызады (топырақ қабығын жою үшін беткі қабатын өңдеу, зиянды шөптермен күрес, дән себу, минералды тынайтқыштар себу мен нығыздау).

Осы келтірілген операцияларды сапалы жүргізу үшін сініргіш табаны мен ине тісті дискіні өзара онтайлы орналастыру қажет. Олардың өзара орналасу амалдары мен технологиялық үрдістерінің сұлбалары 1, 2 суреттерде келтірілген.



**1-Сурет – Ине тісті дискілердің орналасу амалдары**

Ине тісті дискіні жебе тәрізді табанның алдында орналастырғанда, айналу есінде перпендикулярлы орналасып ине тісті диск айналады (таза айналу), мұнда топырақ толық қосытылады. Ине тісті диск топырақты сапалы қосыту үшін оны тежеу қажет, және Н. А. Седневтің айтуынша мұнда ішкі үйкеліс құштерін қолданбаған жөн, ал тежеу құрылғыларын қолдануда, жұмыс мүшесінің құрылымы біршама күрделендіріледі. Ине тісті диск топыраққа жақсы кіруі үшін оның ілгерлемелі және айналу шапшандықтарын қамтамасыз ету қажет, ол үшін дискінің шабуыл бұрышын өзгерту керек. Диск жұмыс кезінде бір-біріне параллелді орналасқан ойыктар түрінде деформацияланған аумақ қалыптастырады. Олардың арасында өнделмеген участкелер қалып сініргіш табанының жұмысына кеселін келтіреді: табан тұрағы кедері себебінен артқа ауытқып технологиялық үрдісті бұзады.

Келтірілген сұлбалардың кемшіліктерін сараптағаннан кейін сініргіш құрылымында бір дискінің орнына екі ине тісті дискіні қолдану үйғарылған. Оларды өзара орналастыру үшін 1-ші суреттегі в, г, д сұлбалары сарапталады. Жүріс кезінде ине тісті дискілер он жақ және сол жақ қатарлардың ойыктары түрінде деформация аумағын қалыптастырады. Өнделген аудан бұрын ұсынылған сұлбалардағыдан екі есе үлкен, өсімдік қалдықтары екі жаққа ығыстырылып жебе тәрізді табанының жұмысын женилдетеді. Бірақ мұнда да өнделмеген участкелер қалып екі дискінің арасындағы (1-ші


сурет 8 ) өндөлмеген тәбешік сініргіш жұмысын қынданатады. 1-ші сурет ғ – көрінісінде орналасу сұлбасы келтірілген кемшіліктерді жойып барынша тарту кедергісін төмендетеді. Ине тісті дискілер табан жүздерінің бұрышына сәйкес орналасып бір бірінің инелерінің аралықтары қадамының жартысына ығыстырылып бекітілгенде тарту кедергісін төмендетуге мүмкіндік береді (1-ші сурет ғ ).

Дискілер топыраққа әсер еткенде беткі қабатта оң жақ – сол жақ қатарлардың ойықтары қыйылысып өндөлген топырақ жолағын өсімдік қалдықтарының сініргіш тұрағының алдында қалдырып отырады. Өндөу терендігі дән себу терендігіне сәйкес келеді. Осы сұлба сініргіш құрылымын одан әрі зерттеуге негізгі болып қабылданған.


Жоғарыда келтірілген агротехникалық талаптарға байланысты жел эрозиясына шалдығатын топырақтарда тікелей себу сепкіштерінің ине тісті дискілі кешенді сініргішінің құрылымының жаңа технологиялық сұлбасы ұсынылады (3-ші сурет).

Сініргіш екі ине тісті дискілерден 2 тұракқа 1 аша 3 қомегімен бекітіліп құрылған. Ине тісті дискілердің айналу траекториялары алдыңғы жағында қыйылысып, артында жебе тәріздес табанның жүздеріне параллелді. Инелер бұралу бұрышы бағытында бір-біrine қарағанда қадамының жартысын ығыстырып 8-ші мүшеге бекітілген. Ұсынылған құрылымың топыраққа әсері екі кезеңге бөлінеді: біріншісі ине тісті дискілермен топырақтың беткі қабатын қопару өсімдік қалдықтарынан тазартылған жолақ қалыптастырады, екінші кезеңде жебе тәрізді табан дөнге лайықты сапалы орын дайындауды. Сініргіш топыраққа кіргізілгенде ине тісті дискілер топыраққа өз әсерін тигізіп, айналып қосытады және өсімдік қалдықтарымен тамырларын ортадан екі шеттеріне ығыстырады. Бұл жағдайда «тырмалау әсері» болмайды.

Оң және сол жақ дискілердің әсерінен топырақта пайда болған ойықтар тәріздес деформациялану аумақтары қыйылысып жұмыс мүшелерінің орта шамаларында өсімдіктер қалдықтарынан тазартылған, қажетті терендікте қосытылған жолақ алуға мүмкіндік береді. Сондыктан сепкіштің алдыңғы жағынан параметрлері өсімдік қалдықтары жабыспайтын болғандықтан өзгермей, қосымша кедергі тузызбай, артқа қарай ауытқымай тарту кедергісін өсірмейді. Жебе тәріздес табан топырақ қабатын горизонталді жазықтықта кесіп дәндерге сапалы орын қалыптастырады.



2-Сурет – Ине тісті дискілердің жұмыс істеу сұлбалары



**3-Сурет – Тікелей себу сепкішінің ине тісті дискілі кешенді сініргішінің құрылымының жаңа технологиялық сұлбасы**

1 – түрак, 2 – ине тісті дискілер, 3 – аша, 4 – бұзғыш, 5 – жарғыш,  
6 – жебе тәрізді табан, 7 – сатылы ось, 8 – аша.

Жоғарыда көлтірілген мәліметтерді тексеру мақсатымен 4, 5 суреттерде көлтірілген зертханалық құрылғы жасалған. Құрылғы құрылымы сініргіш пен инелі диск арасындағы қашықтықты өзгертуге, дискілердің екі жазықтықта енгіштік бұрыштарын өзгертуге және диск диаметрлері мен олардың сініргішпен топыраққа ену терендіктерін өзгертуге мүмкіндік береді.



**4-ші Сурет – Зертханалық құрылғының жалпы көрінісі**



#### **5-ші Сурет – Зертханалық құрылғы жұмыс кезінде**

Сонымен келтірілген құрылымның келесі артықшылықтарын атап өтуге болады:

- агрегат пен дискілердің абсолюттік айналу шапшаңдықтарының айырмашылықтары инелердің топыраққа карқынды енгізуіне, өсімдік қалдықтарын топырақ бетінде барынша сақтап топырақты сапалы қосытуына септігін тигізеді;
- инелі дискілер жұмыс мүшелерінің алдыңғы бетінен өсімдік қалдықтарының жабысып кептелу денгейін төмендетеді, және сініргіш тұрағының алдында өсімдіксіз жолақты қалыптастырады;
- келтірілген сініргіш құрылымын қолдану инелерді топыраққа енгізуге қажетті тік бағыттағы күштің азайуына және сініргішке өсімдік қалдықтарының кептелуінің төмендеуіне байланысты жалпақ дискімен салыстырғанда тарту кедергісін және метал сиымдылығын төмендетуге мүмкіндік береді;
- топырақ қабағын бұзы үшін қажетті тырмалау немесе анызды сыдыра жырудуды қажет етпейді;
- қуат, енбек шығындары үнемделіп енбек өнімділігі жоғарлайды.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Матюшков, М. И. Посев зерновых культур на почвах, подверженных ветровой эрозии / М. И. Матюшков // Техника в с.-х. – 1983. – № 3. – С. 28-29.
2. Бойко, В. М. Энергосберегающая обработка почвы / В. М. Бойко, А. В. Павлов. // Механизация и электрификация сельского хозяйства. – 1995. – № 4. – С. 9.